

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

Астана қаласы	2025 жылғы «22» тамыз
бекітілді	2025 жылғы «5» қыркүйек

Кіріспе бөлім:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Талдау Орталық директорының 2025 жылғы 24 маусымдағы №71-о/д шешімі негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін мынадай құрамда жұмыс тобы құрылды:

Жұмыс тобының жетекшісі:

1. Лескен Кұдайбергенұлы Есекеев – Орталық директорының орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері:

2. Нургул Нуртаевна Исакова – Бас бухгалтер.

3. Салтанат Ермековна Амантугулова – Жоспарлау-экономикалық бөлімінің басшысы.

4. Айна Бакитовна Ермагамбетова – Кадр жұмысы және іс жүргізу бөлімінің басшысы.

5. Медет Бейсенбаевич Дайыров – Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы.

6. Муканали Ерболатұлы Мукан – Заң бөлімінің басшысы.

7. Құралай Мұратқызы Әшімханова – Қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы.

8. Әділбек Болатұлы Әділжан – Сурдлимпиадалық және паралимпиадалық емес спорт түрлері бөлімінің басшысы.

9. Ержан Мухтарович Нурбеков – Паралимпиадалық спорт түрлері бөлімі басшысының м.а.

10. Нурлан Тулеубаевич Омаров – Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу үшін жұмыс тобына 30 жұмыс күнінен аспайтын мерзім белгіленді.

Талдау түрі: Орталықтың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға арналған ішкі талдау.

Жұмыс тобы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2022 жылғы «30» желтоқсан № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) қолданды.

Талдау кезеңі: 2024 жыл.

Жұмыс тобы ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Сипаттама бөлігі:

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау.

Жұмыс тобы персоналды басқару мәселелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ.

Сонымен қатар Әдістемелік ұсынымдардың 32-тармағында уәкілетті тұлға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау кезінде қолда бар лауазымдарды екі санатқа – басшылар мен орындаушыларға бөлуі тиіс екендігі белгіленген.

Шешімдер қабылдау және ұйымдық-шаруашылық функцияларды жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып, басшылардың барлық санаты жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына жатады, сондықтан оларды функционалдық міндеттерін талдаусыз сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарға жатқызу керек.

Орындаушылар лауазымдарының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырау деңгейі функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлық функцияларының тізімін негізге ала отырып айқындалады.

Осыған байланысты жұмыс тобы:

1) Орталық директоры мен оның орынбасарларының лауазымдары функционалдық міндеттерін талдаусыз сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған деп шешті;

2) орындаушылардың функционалдық міндеттерін талдау қорытындысы бойынша, орындаушылардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

1. Бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын өзге құрылымдық бөлімшелермен, атап айтқанда заң қызметімен заңсыз түрде қоса атқару, сондай-ақ байқау кеңесі немесе өзге тәуелсіз басқару органы жоқ мемлекеттік кәсіпорындарда комплаенс-қызметінің тәуелсіз мәртебесінің болмауы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын Әкімшілік-құқықтық жұмыс басқармасының заң бөлімі (бұдан әрі – заң бөлімі) орындайды. Алайда заң бөлімі атқарушы органға және Орталық басшыларының бірқатарына бағынады, бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 16-бабы 3-тармағының екінші бөлігіне¹, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квзимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелерінің (бұдан әрі – Үлгілік ереже) 7², 8³ және 10⁴-тармақтарына қайшы келеді.

Заңнама нормаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін атқарушы органнан тәуелсіз жүзеге асыруға тиіс және өз функцияларын өзге құрылымдық бөлімшелермен қоса атқара алмайды.

Мемлекеттік кәсіпорындарда басқару органдары болмаған жағдайда, комплаенс-қызметтің атқарушы органнан тәуелсіз мәртебесін айқындау мәселесінде қолданыстағы заңнамамен қосалқы актілер арасында қайшылықтар бар.

Сонымен қатар, заң бөліміне құрылымдық бөлімшелердің ережелері мен лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенспен байланысты емес міндеттер жүктелген.

Бұдан бөлек, заң бөлімінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі маманына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицеріне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығымен қойылатын арнайы біліктілік талаптарына сай келмейді.

Осы мән-жайлар мүдделер қақтығысының жүйелі сипатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың көптеген талаптарының бұзылуын айғақтайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын заң бөліміне жүктеу, оның атқарушы органға тікелей бағыныстылығы себебінен Сыбайлас

¹ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

² Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшені немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы айқындайды.

³ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

⁴ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының 16-бабының 3-тармағының екінші бөлігінде және Үлгілік ереженің 8-тармағында бекітілген тәуелсіздік қағидатына қайшы келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын заң бөлімінің негізгі міндеттерімен ұштастыру Үлгілік ереженің 10-тармағында көзделген тыйымды бұзу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласында арнайы біліктіліктің болмауы жүктелген функциялардың тиімді орындалмауына қосымша тәуекелдер туғызады.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты, Орталық қызметінде қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау тұрғысында объективті әрі тәуелсіз бақылау қамтамасыз етілмей отыр. Бұл анықталған бұзушылықтарды дереу жоюды талап етеді. Бұзушылықтарды жоюдың ең тиімді жолы – қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті тәуелсіз мәртебемен құру.

Аталған факторлардың жиынтығы Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына объективті әрі тәуелсіз бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндігін жоққа шығарады. Бұл анықталған бұзушылықтарды дереу жоюды, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тәуелсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті құруды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

1) квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті реттейтін нормативтік құқықтық актілерге, бақылау кеңестері немесе өзге де тәуелсіз басқару органдары жоқ мемлекеттік кәсіпорындардың ерекшеліктерін ескере отырып, өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстарды уәкілетті органдарға әзірлеп, енгізу;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңында және Үлгілік ережеде мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты арнайы нормаларды көздеу, оның ішінде:

– тікелей мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органына бағынатындай етіп тәуелсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру мүмкіндігін бекіту;

– комплаенс-функцияларды заң, кадр және өзге құрылымдық бөлімшелердің функцияларымен қоса атқаруға тыйым салу;

– директорлар кеңесі/байқау кеңесі болмаған жағдайда комплаенс-қызметтің мәртебесін айқындаудың және оның регламентін бекітудің ерекше тәртібін белгілеу.

3) Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер қатарынан заң бөлімін шығару жөнінде жұмыс жүргізу.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Орталық мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Орталықтың рұқсат беру функциялары жоқ.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Орталықтың бақылау-тексеру функциялары жоқ.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу мәселелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу мәселелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Орталықпен ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүзеге асырылмайды.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Бизнес-процестердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

Жаттықтырушылардың спорттық іс-шараларға бөлінген қаржыны адал пайдаланбауы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Жаттықтырушылардың спортшыларды орналастыруға смета бойынша бөлінген қаражатты адал пайдаланбау ықтималдығы:

- іссапар құжаттарында көзделмеген жағдайларда орналастыру,
- спортшыларды орналастыру қызметтерін сатып алу мүгедектігі бар спортшыларға қойылатын талаптарға сай келмейтін нөмірлерде жүзеге асырылуы (қолжетімді орта болмауы: пандустардың, бейімделген санитарлық тораптардың жоқтығы және т.б.).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

1) Орталық қызметіне спортшыларды жиындар мен жарыстар кезінде орналастыру жағдайларына тәуелсіз бақылау элементін енгізу, оның ішінде «жасырын сатып алушы» құралын пайдалану – орындарда таңдамалы тексерулер жүргізу үшін құпия түрде уәкілетті қызметкерлерді алдын ала хабарламай жіберу;

2) сәйкессіздіктер анықталған жағдайда (сметада көзделмеген жағдайларда орналастыру, қолжетімді ортаның болмауы және т.б.) бұзушылықтарды фото және (немесе) бейнетіркеу арқылы құжаттау, кейіннен Орталық басшылығына ұсынылатын есепті дайындауды қамтамасыз ету.